

DEXP

**BLUETOOTH
ҚҰЛАҚҚАП**

S325




Құрметті сатып алушы!

«DEXP» маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін сізге алғысымызды білдіреміз.

Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Аспапты пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта қолданғанда, оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

DEXP сымсыз гарнитурасы музыка тыңдау үшін кабель пайдалануды қажет етпейтін Bluetooth сымсыз байланыс технологиясын қолданады.



Құрылғының сұлбасы

1. Амбушюр
2. Пластик корпус
3. Дыбыс деңгейін арттыру/келесі трек
4. Қосу/өшіру/қоңырауға жауап беру/ қоңырауды аяқтау/қоңырауды қабылдамау/ойнату/кідірту
5. Дыбыс деңгейін төмендету/алдыңғы трек
6. LED-индикаторы
7. USB-ағытпа
8. Бекіткіш
9. Жылу пластик эластомерден жасалған кабель

Жұптастыру

1. Өшірулі күйде жұптастыру режиміне өту үшін көпфункционалды батырманы 5 секунд басып тұрыңыз. «Pairing» («Жұптастыру») дауыстық хабарламасы шығады. Жұптасу кезінде индикатор шамы кезек-кезек қызыл және көк болып жыпылықтайды.
Жұптастыру сәтті болған кезде индикатор шамы 4 секунд сайын екі рет көк болып жанады. Егер жұптастыру сәтсіз болса, құлаққаптар 5 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.
2. Телефоныңызда Bluetooth-ті қосып, қосылуға қолжетімді құрылғыларды іздей бастаңыз.
3. Құрылғылар тізімінен «S325» тауып, «0000» құпиясөзін енгізіп, бюайланыс орнатыңыз. Егер байланыс сәтті болса, дауыстық хабарламаны естисіз («Connecting»). Индикатор шамы 4 секунд сайын екі рет көк болып жыпылықтайды.

Пайдалану

Қосу: өшірулі күйде көпфункционалдық батырманы 2 секунд басып тұрыңыз, «Power on» («Включение») дауыстық хабарламасы естіледі. Индикатор шамы 1 секунд ішінде көк және қызыл болып жыпылықтайды.

Өшіру: көпфункционалдық батырманы 3 секунд басып тұрыңыз, «Power off» («Өшіру») дауыстық хабарламасы естіледі. Индикатор шамы 1 секунд ішінде көк және қызыл болып жыпылықтайды.

Дыбыс деңгейін көтеру/азайту: «+»/«-» батырмаларын басыңыз.

Дыбыс деңгейі максималды/минималды деңгейге жеткенде дыбыстық сигнал естіледі.

Қоңырауға жауап беру/аяқтау: қоңырау кезінде көпфункционалдық батырманы басыңыз. Басқан кезде дыбыстық сигнал шығады.

Қоңырауды қабылдамау: кіріс қоңырауы кезінде көпфункционалдық батырманы 2 секунд басып тұрыңыз, дыбыстық сигнал шығады.

Ойнату: күту режимінде көпфункционалдық батырманы басыңыз.

Кідірту: ойнату режимінде көпфункционалдық батырманы басыңыз.

Алдыңғы/келесі трек: Ойнату режимінде «-»/«+» түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.

Қосу тарихын тазарту: «-» және «+» батырмаларын бірге басып 5 секунд ұстап тұрыңыз, жарық индикаторы үш рет жыпылықтайды.

Зарядтау

MicroUSB кабелін құрылғыдағы сәйкес ағытпаға қосыңыз.

Батарея зарядының деңгейі аз болған кезде минутына бір рет «Battery low» деген дауыстық хабарлама шығады және қызыл индикатор шамы жыпылықтайды.

Зарядтау кезінде индикатор шамы қызыл, зарядтау аяқталған кезде – көк болып жанады.

Техникалық сипаттамалар

- Bluetooth нұсқасы: 5.0.
- Желінің әсер ету радиусы: 10 метрге дейін.
- Зарядталу уақыты: 1,5 сағатқа дейін.
- Ойнату режимінде жұмыс істеу уақыты: 6 сағатқа дейін.
- Ойнату режимінде жұмыс істеу уақыты: 160 сағатқа дейін.
- Динамиктер өлшемі: 10 мм.
- Жиілік ауқымы: 20 – 20000 Гц.
- Сезімталдығы: 104 ± 3 дБ.
- Кедергісі: 16 Ом.
- Батареяның сыйымдылығы: 73 мА/сағ.

Құлаққап – бұл музыканы, сөздерді немесе басқа дыбыстық сигналдарды жеке тыңдауға арналған құрылғы.

Сақтық шаралары

1. Құрылғының құрылымына ешқандай өзгеріс енгізбеңіз.
2. Қысқа тұйықталуды болдырмау үшін құрылғының кез-келген сұйықтықпен жанасуын болдырмаңыз, оның жанына сұйықтық құйылған ашық сыйымдылықтарды қоймаңыз.
3. Құрылғыны электромагниттік сәулеленудің әсеріне ұшыратпаңыз.
4. Есту қабілетіне зиян келтірмеу үшін құлаққапты қауіпсіз дыбыс деңгейінде қолданыңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын тұрғын-жайларында өндірушінің қаптамасында 5 °C ... 40 °C аралығындағы температурада және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек. Үй-жайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғанда оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қаптамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорынан алуға болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Дунгуань Уиси Электроникс Ко., Лтд.

Хэнсин тас жолы 8, Хэнкэн өнеркәсіптік паркі, Любу, Дунгуань қ., Гуандун пров., Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты, сипаттамалары және жиынтықтамасы алдын ала хабарланбай өзгерілуі мүмкін.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

EAC



V.1